

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасындағы Қазақстанда Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасы үшін қарыз туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 ақпандағы N 175 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасындағы Қазақстанда Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасы үшін қарыз туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму

Банкінің арасындағы Қазақстанда Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасы үшін қарыз туралы келісімді бекіту туралы"

2003 жылғы 2 қыркүйекте Алматыда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам Даму Банкінің арасындағы Қазақстанда Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасы үшін қарыз туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстанда Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасын қаржыландыруға қатысу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам

Даму Банкінің арасындағы қарыз туралы

Келісім

Осы Келісім құжыраның 1424 жылғы 05/07/ жасалды, ол Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Қарыз алушы" деп аталатын) мен Ислам даму банкінің (бұдан әрі "Банк" деп аталатын) арасындағы 2003 жылғы 02/09/ сәйкес келеді.

М ы н а :

(А) Қарыз алушы Банктен осы Келісімнің ІІ-Қосымшасында сипатталған Қазақстанда Қарағанды облысындағы ауылды сумен жабдықтау жобасы құнының бөлігін қаржыландыру үшін оған Қарыз беруін сұрағанын;

(В) Тиімді жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыру үшін қарыз беру жолымен Банктің мүше-елдеріне жәрдемдесу Банк мақсаттарының бірі болып табылатынын;

(С) Жоба техникалық жағынан негізделген, экономикалық және әлеуметтік жағынан ақталған болып саналатынын;

(D) Банк жоғары айтылғандардың негізінде Қарыз берушіге мына төменде келтірілген шарттарда Қарыз беретініне келіскенін

Н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ;

Жоғарыда айтылғандарды негіздей отырып, тараптар осы Келісімде мыналар туралы келіседі:

I-бап

Жалпы шарттар, Анықтамалар

1.01-бөлім. Жалпы шарттар: Осы Келісімнің Тараптары 1976 жылғы 8 қарашадағы Банктің қарыздары және кепілдіктері туралы келісімдеріне қолданылатын Жалпы шарттардың барлық ережелерін (бұдан әрі "Жалпы шарттар" деп аталады) қабылдайды, егер олар осында қалай толық көрсетілгендегідей сияқты болса, сондай күшке және қолданысқа ие болады.

1-02-бөлім. Анықтамалар: Осы келісімде, егер түпнұсқада өзгеше талап етпесе, анықтамасы "Жалпы шарттарда" берілетін бірсыпыра терминдер, оларда көрсетілетін тиісті мағынаға ие болады, ал мына қосымша терминдердің мынадай мағыналары б о л а д ы :

а) " **Күшіне ену күні** " Банктің Қарыз алушыға Келісімнің күшіне енуі туралы ж а р и я л а ғ а н күнін білдіреді .

(b) " **Атқарушы орган** " Жобаны іске асыруға, әрекет етуіне және басқаруға жауапты атқарушы орган болып табылатын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетті (бұдан әрі "СРК" деп аталады) б і л д і р е д і .

(с) " **Жоба** " және осы Жобаның "бөлігіне" сілтеме жасау сипаттамасы осы Келісімнің ІІ-қосымшасында берілетін Жобаны және осы Жобаның бөлігін білдіреді;

(d) " **Ислам динары/ИД** " Банкті құру туралы келісімнің 4 (1) (а) Бабында анықталғандай Банктік есеп айырысу бірлігі болып табылады. Бір ИД Халықаралық валюта қорының бір Арнайы қарыз алу құқығына бара-бар.

II-бап

Қарыз

2.01-бөлім. Сомә: Банк Қарыз алушыға өзінің әдеттегі қаражатының тек 7,000,000 ИД / - (жеті миллион ислам динары) баламасынан аспайтын соманы ғана беруге келіседі.

2.02-бөлім. Банк өзгеге келіскен жағдайларды қоспағанда, осы Қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға көзделген тауарлар мен қызметтерге арналған келісім-шарттар Банк белгілеген рәсімдерге сәйкес сатып алынады. Осыған байланысты Қарыз алушы Израилдың бойкотына қатысты Ислам конференциясын ұйымдастыру ережесін сақтауы тиіс.

III-бап

Борышты бөліп-бөліп төлеу, қызмет көрсеткені

үшін ақы және төлем жүргізу үшін мекен-жай

3.01-бөлім. Борышты бөліп-бөліп төлеу Қарыз алушы осы Келісімге 1 (А) қосымшада айтылғандай 36 (отыз алты) осы Келісім күшіне енген күннен бастап 7 (жеті) жеңілдікті кезеңді қоса алғанда, 25 (жиырма бес) жыл ішінде тең және дәйекті кезек жарналармен әр жарты жыл сайын Қарыздың негізгі сомасын төлейді.

3.02-бөлім. Қызмет көрсеткені үшін ақы (а) Қарыз алушы Банкке осы Келісімнің 1 (В) қосымшасында айтылған тәртіппен бастапқыда бағаланған 717, 990 ИД - (жеті жүз он жеті мың тоғыз жүз тоқсан ислам динары) сомасында Қызмет көрсеткені үшін ақы төлейді.

(б) Осы Келісім тараптарының арасында ол туралы осы құжаттың 3.02 (а) бөлімшесінде айтылған Қызмет көрсеткені үшін ақының бастапқы сомасы осы құжатта көзделгендей өзіне Қарызды іске асыру кезеңін және толық сомасын төлейтін кезеңін қабылдауға негізделген есеп айырысу ғана болып табылады деген уағдаластық пен түсінік орын алады. Бұдан әрі Қызмет көрсеткені үшін ақының іс жүзіндегі сомасы жоба іске асырылғаннан кейін есептелген іс жүзіндегі сома жылына Қарыз сомасының 2.5% (екі бүтін оннан бір процентінен) аспаған жағдайда есептелетін болады деп келісіледі.

(с) Қызмет көрсеткені үшін ақы осы Келісім күшіне енген күннен кейін есептелетін болады.

3.03-бөлім. Төлемдерді жүргізу үшін мекен-жайлар Негізгі соманы қоса алғанда, барлық төлемдер осы мақсаттарға Банк көрсеткен шотқа түскеннен кейін осындай төлемдер бойынша ақшалай қаражат тиісті түрде жүргізілген болып саналады.

3.04-бөлім. Осы Келісімнің 3.03-бөлім ережелерінің ортақтығына нұқсан келтірмей осы Келісімнің шеңберінде кез келген төлем тиісті түрде жүргізілген болып саналады:

(a) Егер осындай төлем АҚШ долларында жүргізілсе және келесі банктердің бірі Банкке Банктің шотына осындай төлемдерді алғанын растаса:

(i)

Account No. 159111

Шот N: 159111

Gulf International Bank (UK)

Галф Интернейшнл Банк (UK)

Limited (GIB)

Лимитед

One Knightsbridge

Уан Найтсбридж

London SW1X 7XS

Лондон SW1x 7XS

United Kingdom

Ұлыбритания

Telex No. 8812261/2 SAUDI G

Телекс N 8812261/2 SAUDI G

SWIFT CODE: SINTG2L

КОД СВИФТ: SINTG2L

(iii) Account No. 10507

Arab Bankind Corporation

P.O.Box: 5698, Manama Bahrian

Telex Numbers: 9385. 9431/213. 9442

АВСВАН ВН.

(b) Егер осындай төлем стерлинг фунттарында жүргізілсе және келесі банк Банктің шотына осындай төлем алғанын Банкке растаса:

Account No. 122432 GPB 2520 01

Шот N: 122432 GPB 2520 01

Gulf International Bank B.S.C.

Галф Интернейшнл Банк

75 Knig William Street

Кинг Вильям Стрит, 75

London EC4N 7PXэ

Лондон EC4N 7DX

United Kingdom

Ұлыбритания

Telex No8812889/8813326 GIBANK

ТелексN8812889/8813326 GIBANK

G

G

SWIFT CODE: GULFGB2L

КОД СВИФТ: GULFGB2L

(c) Егер осындай төлем евралятада жүргізілсе және келесі банк Банктің шотына осындай төлем алғанын Банкке растаса:

Шот N: 096965 001 51

Шот N: 096965 001 51

Union De Banques Arabes Et

Юнион Де Араб Эт Франсез

(U B A F)

F r a n c a i s e s (U B A F)

92523 Paris. Neuilly Cedex

Париж, Ньюли Седекс, 92523

F r a n c e

Ф р а н ц и я

Telex No. 610334 UBAF

Телекс нөмірі: 610334 UBAF

SWIFT CODE: UBAFRPPPXXX

КОД СВИФТ: UBAFRPPPXXX

IV-бап

Қарыз қаражатын алу және пайдалану

4.01-бөлім. Қарыз қаражатын алу

осы Келісімнің III-қосымшасын және басқа да ережелерін, Жоба бойынша талап етілетін және осы Келісім бойынша қаржыландыру үшін келісілген тауарлар мен қызметтердің дәйектелген құнына қатысты жасалған шығындарға осы Келісімде белгіленген мақсаттар үшін Банктің Жалпы шарттары мен Төлеу рәсімдерін сақтаған жағдайда Қарыз алушы ала алады.

4.02-бөлім. Бастапқы төлемді сұрату күні

Егер Қарыз алушы мен Банктің арасында келісілетін күшіне ену күнінен немесе неғұрлым кеш күннен бастап 180 күн ішінде Қарыз алушы Банкке бірінші төлемді жүзеге асырғаны туралы сұратуды бермесе, онда Банк тиісті түрде ол туралы Қарыз алушыға хабарлай отырып, осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады.

4-03-бөлім. Жабылу күні

2006 жылғы 6 желтоқсан немесе Қарыз алушы мен Банк арасында келісілетін неғұрлым соңғы күн Жалпы шарттардың 6.03-бөлімінің мақсаты үшін Қарыз қаражатын алудың жабылу Күні болып табылады.

4-04-бөлім. Қарыз қаражаттарын пайдалану

Қарыз алушының Қарыз шотынан алатын барлық сомасы Банк қаржыландыратын Жобаның мақсаты үшін ғана пайдаланылатын болады.

V-бап

Жобаны орындау

5.01-бөлім. Қарыз алушы:

(а) Жобаны тиісінше адал пиғыл танытып әрі тиімді орындауға, оның операцияларын жүргізуге және Атқарушы орган арқылы білікті және тәжірибелі басшылық құрам мен персоналдың жетекшілігімен тиісінше әкімшілік, қаржылық, инженерлік және экономикалық практикаға сәйкес және инвестициялау кестесіне, бюджетке, Банкке қарауға берілген және Банк бекіткен Жобаның жоспарлары мен техникалық шарттарына сәйкес іс-қимыл жасауға;

(b) Банкке оны бекітуге бюджетте, жоспарларда және жобаның техникалық шарттарында көзделген кез-келген маңызды өзгерістерді, сондай-ақ жобаны орындауға қатысы бар қызмет көрсетулерге немесе тауарларды сатып алуға қандай да бір келісім шартқа кез-келген елеулі өзгерістерді негіздемелі түрде Банк сұрай алатындай егжей-тегжейлі түрде беруге міндеттенеді.

5.02-бөлім. Осы Келісім бойынша қандай да болмасын өзінің өзге де

міндеттемелеріне ешқандай да ескертпесіз немесе шектеулерсіз Қарыз беруші Банкке Жобаны орындауға қатысы бар қызметтер көрсету немесе тауарлар сатып алу жөнінде қандайда бір келісім-шартта көзделген қандай да бір елеулі өзгерістерге немесе қандай да бір мерзімін ұзартуға түсініктемеге жеткілікті ақылға қонымды шекте уақыт береді.

VI-бап

Банк қаражатты төлегенге дейін

қосымша алдын ала қойылатын талаптар

Қарыз алушы қаражатты алуға бірінші өтінім бергенге дейін осы Келісімнің 2.02 және 7.02-бөлімдеріне сәйкес бәсекелес саудаластық үшін сақтауға немесе оның сақталуын қамтамасыз етуге қажет оған ұсынылған рәсімді көрсетуі керек.

VII-БАП

Жекелеген уағдаластықтар

7.01-бөлім. Қарыз алушы жергілікті валютадағы шығындарды және қанағаттандырушы Банктің шарттарында Жобаны орындау үшін талап етілетін қаражаттардың артық шығынын қоса алғанда, барлық сома талап етілгенде дереу қ а м т а м а с ы з е т е д і .

7.02-бөлім. Банк өзге де келіскен жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушы мынадай түрде Жобаны орындау үшін осы Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын барлық к е л і с і м - ш а р т т а р д ы ж а с а й д ы :

(а) Алдын ала жобалау және зерттеулердің кешенді пакеттерін, егжей-тегжейлі тәптіштелген жоспарын және құрылысты бақылауды қоса алғанда, консультациялық қызмет көрсетулерді сатып алуды ИДБ-не мүше елдерден білікті консультанттардың түпкілікті тізіміне енген консультанттардың ішінен іріктелген консультанттар ұ с ы н а т ы н б о л а д ы .

(b) Құрылыс-азаматтық жұмыстарды (құрылыс-азаматтық жұмыстардың кешенді пакеттерін, жабдықтарды жеткізу және орнатуды қамтитын) сатып алу алдын ала бағаланған және ИДБ-не мүше елдер шектейтін Халықаралық бәсеке сауда (ХБС) жолымен іріктелген Мердігерлерден сатып алынатын болады.

(c) Аудиторлық қызмет көрсетулерді сатып алу: Қаржы аудиті Ішкі бәсеке сауда (БС) жүргізу жолымен қамтамасыз етілетін болады. Қазақстанда өз офісі бар немесе жергілікті аудиторлармен біріккен офісі бар халықаралық компаниялар қаржылық аудит жүргізу үшін тендерге қатысуға жіберілуі мүмкін.

Қарыз алушы құны жүз елу мың ислам динары (150,000 ИД) баламасынан асатын кез-келген келісім-шартты жасау үшін банктің алдын ала мақұлдауына қол жеткізетін б о л а д ы .

7.03-бөлім. Қарыз алушы Жобаның әзірленімдерін, жоспарларын және техникалық шарттарын, оның орындалу кестесін және Банк мерзімді сұрай алатын осындай егжей-тегжейлер де, кейінірек оған енгізілген кез-келген мәнді өзгерістер мақұлдағаннан кейін дереу Қарыз алушы Банкке береді.

7.04-бөлім. Қарыз алушы Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды анықтау және Жобада оларды пайдалану туралы мәліметтер ұсыну үшін, Жобаны орындау барысы туралы есеп үшін және бухгалтерлік есептің жалпы қабылданған практикасына сәйкес Атқарушы органның операциялары мен қаржылық ахуалын көрсету үшін жеткілікті есеп құжаттарын жасайды және жүргізеді.

7.05-бөлім. Қарыз алушы Қарызға, Жобаны, тауарларды және кез-келген тиісті есеп құжаттары мен куәліктерін тексеруге байланысты мақсаттар үшін Банктің аккредиттелген өкілдерінің келуіне барлық қолайлы мүмкіндіктерді жасайды; сондай-ақ Қарыз, Жоба, тауарлар, операциялар қаражаттарының шығыстарына және Атқарушы органның қаржылық ахуалына қатысты негіздемелі түрде Банк сұрайтын кез-келген ақпаратты Банкке береді.

7.06-бөлім. Қарыз алушы Жобаны орындау мен басқару мақсатында Атқарушы орган Банк үшін нысаны және мәні бойынша қанағаттанарлық ережелерге және нұсқаулықтарға сәйкес тұрақты жұмыс істей алатындай және Жобаны ыждағатты және тиімді орындау мен әрекеті үшін қажетті басқару мен әкімшілік ету сияқты өкілеттіктерге ие болатындай барлық тиісті іс-шараларды реттеуге міндеттенеді.

7.07-бөлім. Қарыз алушы Сақтандыру компаниялары сақтандыру қажет деп таныған Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарларды сақтандырады және сақтандыруды қамтамасыз етеді. Осындай сақтандыру көлікпен тасымалдауды, транзит және сатып алу мен Қарыз алушының аумағына тауарларды әкелуге және оны Жобаны орналастыру орнына жеткізуге ұқсас басқа да қатерлерді қамтиды және коммерциялық іс-тәжірибеде жалпы қабылданған сомаға сәйкес келетін осындай соманы құрайтын болады. Сақтандыру сомасын шетелдік валютада төлейтін Компания тауарларды қайта сақтандыратынын есепке ала отырып, Қарыз алушының елінде қабылданған заңнамаларға сәйкес осындай сақтандыру жасалады.

7.08-бөлім. Қарыз алушы жер учаскелері мен Жобаны орындау үшін талап етілетін осы учаскелерге берілетін құқық талап етілген кез-келген уақытта беру үшін қажетті саналатын барлық іс-әрекеттерді жасауды қолға алады және Банкке оның тапсырысы бойынша Банкті осындай жер учаскелері мен осы учаскелерге берілетін құқық Жобаға байланысты мақсаттар үшін берілгенін растайтын куәлік береді.

7.09-бөлім. Қарыз алушы өз тарапынан Атқарушы органға Жобаны орындауда жәрдем көрсету үшін барлық қажетті шараларды қолданады және Жобаны орындауға немесе әрекетіне не осы Келісімнің қандай да бір ережелерін орындауға бөгет жасайтын немесе кедергі келтіретін қандай да бір іс-әрекетті жүзеге асырмайды және қандай да бір әрекеттерді жүзеге асыруға жол бермейді.

7.10-бөлім. Банктің барлық құжаттары, есеп құжаттары, корреспонденциялар мен ұқсас материалдар Банктегі ретінде Қарыз алушыда да құпия саналатын болады.

VIII-бап

Есептер

8 . 0 1 - б ө л і м

(а) Қарыз алушы мен Банк Қарыздың мақсаттарын аяғына дейін орындауды қамтамасыз ету үшін толық көлемде ынтымақтасатын болады. Осыған байланысты, олардың әрқайсысы Қарыздың жалпы жәй-күйіне қатысты негізді түрде сұралатын осындай ақпаратты басқа тарапқа беретін болады. Қарыз алушы тарапынан осындай ақпарат аумақтың қаржылық және экономикалық жағдайлары және Қарыз алушының төлем балансының жәй-күйі туралы ақпаратты қамтитын болады.

(б) Қарыз алушы мен Банк тараптардың бірінің сұратуы бойынша мезгіл-мезгіл өз өкілдері арқылы Қарыз мақсаттарына қатысты мәселелер жөнінде, ол бойынша қызметтерді қамтамасыз ету және осы Келісімнің шеңберінде өз міндеттемелерін Қарыз алушының орындауы жөнінде пікірлер алмасады.

8 . 0 2 - б ө л і м

(а) Қарыз алушы өзіне мынадай есептердің Банкке ұсынылуын қамтамасыз етуге немесе ұсынуға қол жеткізуге міндеттеме алады, ол Банкті және әрбір есеп үшін келісілген мерзімді толығымен қанағаттандырады:

i - әрбір күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күннің ішінде немесе ол туралы тараптар уағдаласса басқа кезеңнің ішінде Банк мезгіл-мезгіл анықтайтын осындай түрдегі Жобаның орындалуы туралы есептер;

ii - Қарыздың жұмсалған сомасының инвестицияларына қатысты және Жобаның орындалу барысы туралы Банк негізді түрде сұрау сала алатын басқа да есептер;

iii - Жобаны аяқтағаннан кейін дереу, бірақ, кез-келген жағдайда осы мақсат үшін Қарыз алушы мен Банк арасында келісілуі мүмкін Жабу күнінен немесе басқа күннен кейін алты айдан кешіктірмей, Қарыз алушы Банк негізді түрде сұрау салатын осындай көлемде және осындай егжей-тегжейлермен Жобаның орындалуы және бастапқы операциялары туралы қорытынды есепті Банкке дайындайды және береді.

(б) Осы бөлімде сөз болған құжаттар осылайша Банк негізді түрде талап ететін сияқты Банктің таңдауы бойынша куәландырылады.

IX-бап

Қолданылу мерзімі

О с ы К е л і с і м :

(А) (1) Банкке осы Келісімді орындау және беру Қарыз алушы тарапынан тиісті түрде ресми рұқсат етілгеніне немесе барлық қажет мемлекеттік әрекеттермен

бекітілгеніне қанағаттанарлық айғақ ұсынылғанша;

(2) Қарыз алушы Қарыз алушының заңды өкілеттігінен туындайтын және Қарыз туралы келісімнің ресми рұқсат етілгенін және Қарыз алушының атынан тиісті түрде қол қойылғанын мәлімдейтін Банк үшін қолайлы Заңды қорытынды табыс етілгенше күшіне енбейді. Бұл өтінім Келісім оның талаптарына сәйкес Қарыз алушыға байланыстыратын міндеттеме белгіленді дегенді білдіреді.

(В) Сенімхатты осы Қарыз туралы келісімнің шеңберінде Қарыз алушыдан тиесілі төлемді және Қызмет көрсетуге ақы төлеу жөніндегі жарналарды төлеуге тиесілі күнге Орталық Банк немесе Орталық Банктің функцияларын орындайтын ұйым жүргізетіндей етіп Орталық Банкке тапсыра отырып, Орталық Банкке немесе Орталық Банктің функцияларын орындайтын ұйымға Қаржы министрлігі немесе Қарыз алушының кез-келген басқа тиісті түрде уәкілетті органы беретін болды. Олардың көрсетілген Сенімхаты алғандығы және ондағы айтылған нұсқаулықты қатаң сақтайтыны туралы Орталық Банктің немесе Орталық Банктің функцияларын орындайтын ұйымның растауымен бірге Сенімхаттың көшірмесін Қарыз алушы Банкке жібереді.

X-бап

Күшіне енгізу жөніндегі шаралар орындалмағаны себептен келісімнің қолданылуын тоқтату

Егер Келісім оған қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) айдың ішінде күшіне енбесе, егер мерзімді ұзартудың барлық себептерін қарағаннан кейін Банк осы Баптардың мақсаттары үшін ең кеш күнді белгілемесе, Келісім және ол бойынша тараптардың барлық міндеттемелері жөнінде өз әрекетін тоқтатады. Банк осындай ең кеш күн туралы Қарыз алушыны дереу хабардар етеді.

XI-бап

Аралас ережелер

11.01-бөлім. Уәкілетті өкілдер

Қарыз алушының Ауыл шаруашылығы министрі және ол жазбаша өкіммен тағайындайтын тұлғасы немесе тұлғалары Жалпы талаптардың 10.03-бөлімінің мақсаттары үшін Қарыз алушының уәкілетті өкілдері болып есептеледі.

11.02-бөлім. Келісім күні

Осы Келісімнің барлық мақсаттары үшін Келісім күні осы Келісімнің Кіріспесінде көрсетілген күн болады.

Мынадай мекен-жайлар Жалпы талаптардың 10.01-бөлімінің мақсаттары үшін көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін:

Т е л е к с :

Т е л е г р а ф :

Телефакс:

Ислам Даму Банкі үшін:

P.O. Box: 5925

Почта жәшігі: 5925

Jeddah 21432

Джидда 21432

Kingdom of Saudi Arabia

Сауд Аравия Королдігі

Telex: 601137 ISDB SJ

Телекс: 601 137

Cable: BANKISLAMI JEDDAH

Телеграф: ДЖИДДА ИСЛАМБАНКИ

Telefax: 6366871 JEDDAH

Телефакс: 6366871 ДЖИДДА

Осыны куәландырғанын білдіріп, Банк пен Қарыз алушының әрқайсысы өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ете отырып жоғарыда көрсетілген күн мен жылға ағылшын тілінде осы Келісімге қол қойды.

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі

үшін

және

оның

атынан:

Ислам

Даму

Банкі

үшін

және

оның

атынан:

I(A)-қосымша

Негізгі соманы өтеу

Елі:	Қазақстан	Республикасы
Жоба:	Ауылды сумен жабдықтау	жобасы
Қарыз сомасы:	7,000,000	ислам динары
Қарыз мерзімі:	25	жыл
Жеңілдік кезеңі:	7	жыл
Қызмет көрсеткені үшін ақы:	2,50%	

Нөмірі

Күні

Негізгі сома (ИД)

1	31.12.2011	194,444
2	30.06.2012	194,444
3	31.12.2012	194,444
4	30.06.2013	194,444
5	31.12.2013	194,444
6	30.06.2014	194,444
7	31.12.2014	194,444
8	30.06.2015	194,444
9	31.12.2015	194,444
10	30.06.2016	194,444
11	31.12.2016	194,444
12	30.06.2017	194,444
13	31.12.2017	194,444
14	30.06.2018	194,444
15	31.12.2018	194,444
16	30.06.2019	194,444
17	31.12.2019	194,444
18	30.06.2020	194,444
19	31.12.2020	194,444
20	30.06.2021	194,444
21	31.12.2021	194,444
22	30.06.2022	194,444
23	31.12.2022	194,444
24	30.06.2023	194,444
25	31.12.2023	194,444
26	30.06.2024	194,444
27	31.12.2024	194,444
28	30.06.2025	194,444
29	31.12.2025	194,444
30	30.06.2026	194,444
31	31.12.2026	194,444
32	30.06.2027	194,444
33	31.12.2027	194,444
34	30.06.2028	194,444
35	31.12.2028	194,444
36	30.06.2029	194,460
Барлығы:		динар 7,000,000

Қызмет көрсеткені үшін ақы төлеу

Елі: Қазақстан Республикасы
Жоба: Ауылды сумен жабдықтау жобасы
Қарыз сомасы: 7,000,000 ислам динары
Қарыз мерзімі: 25 жыл
Жеңілдік кезеңі: 7 жыл
Қызмет көрсеткені үшін ақы: 2,50%

Нөмірі	Күні	Қызмет көрсеткені үшін ақы (ИД)
1	30.06.2004	28,720
2	31.12.2004	47,866
3	30.06.2005	47,866
4	31.12.2005	47,866
5	30.06.2006	47,866
6	31.12.2006	47,866
7	30.06.2007	47,866
8	31.12.2007	40,207
9	30.06.2008	40,207
10	31.12.2008	40,207
11	30.06.2009	40,207
12	31.12.2009	40,207
13	30.06.2010	40,207
14	30.12.2010	40,207
15	30.06.2011	40,207
16	31.12.2011	40,207
17	30.06.2012	40,207
Барлығы:	динар	717,990

II-қосымша

Жобаны сипаттау

Жобаның басты мақсаты - ауыз суға қауіпсіз және жеңіл қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы Қарағанды облысы ауыл халқының денсаулығын және тұрмыс сапасын жақсарту.

Жобаның ауқымы Қарағанды облысының іріктелген 94 ауыл елді мекендеріндегі құрылысты және сумен жабдықтау жүйелерін қайта құруды қамтиды. Мұнда і) су таратушы желілердің және трансмиссиялық су құбырларының құрылысы, ii) ұңғыманы бұрғылау, iii) насос стансасын қондыру, iv) теңіз суын тұзсыздандыру жөніндегі зауыт, v) суды қысыммен ағызатын бөктер және vi) суды реттейтін бөгеттер және бас тоған ғимараттары (жер үсті сулары) жөніндегі құрылыс жұмыстары енеді. Осыған қосымша, жабдық сатып алу, егжей-тегжейлі жобалау мен жобаны қадағалау жөніндегі консультанттың қызметтері, жобаны басқару тобы, жобаны аудиторлық тексеру, жобаны іске қосу жөніндегі семинарлар және көзделмеген шығыстар.

ИДБ құрылыс жұмыстарының құнын 88%-ке, жабдық сатып алуды 88%-ке, егжей-тегжейлі жобалау мен жобаны қадағалау жөніндегі консультанттың қызметтерін 50%-ке, жобаны аудиторлық тексеруді 100%-ке, жобаны іске қосу жөніндегі семинарды 100%-ке және көзделмеген шығыстарды қаржыландырады.

Құрылыс жұмыстары мен жабдықты сатып алу ИДБ мүше-елдеріне шектелген халықаралық бәсеке өтінімінің негізінде құрылыс жұмыстары мен жабдықтарды төрт бумаға біріктіру арқылы жүргізіледі. Егжей-тегжейлі жобалау мен жобаны қадағалау жөніндегі консультанттың қызметтерін сатып алу ИДБ мүше-елдерінен алынатын халықаралық консультанттардың арасында жүргізіледі. Аудиторлар/аудиторлық фирмалардың қызметтерін сатып алу ынтымақтасып істейтін немесе халықаралық аудиторлық фирмадан түсінігі бар жергілікті аудиторлар арасында жүргізілетін болады.

Жоба қарыз туралы келісім күшіне енгеннен кейін 3 жылдан соң орындалады.

III-Қосымша

Қарыз қаражатын алу

млн. АҚШ долларымен

	Құрауыштары	Жалпы		Ислам даму		Қазақстан	
		құны	банкі	банкі	Үкіметі		
		Құны	%	Құны	%	Құны	%
1	Құрылыс жұмыстары	8,049	7,106	88	0,943	12	
2	Жабдық	1,098	0,969	88	0,129	12	
3	Бөлшектеп жобалау және жобаны қадағалау жөніндегі консультант	0,914	0,457	50	0,457	50	
4	Жобаны басқару жөніндегі	0,165			0,165	100	

		с а р а п ш ы л а р			
5	Жобаның қаржы аудиті	0,050	0,050		100
6	Жоба бойынша семинар	0,010	0,010		100
7	Күтпеген шығыстар	1,029	0,859	84	0,169 16
8	Барлығы:	11,314	9,451	84	1,863 16

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ